

## 2014 жылға Зайсан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 06 тамыздағы N 487 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 қыркүйекте N 3479 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 03 желтоқсандағы N 647 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 03.12.2014 N 647 қаулысымен.**

*РҚАО-ның ескертпесі.*

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жұмыспен қамтудың қосымша мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында, Зайсан ауданы әкімдігі

### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Зайсан ауданы халқының келесі нысаналы топтарын анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;

- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- 14) интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған тұлғалары;
- 15) мектептерді, кәсіби оқу орындарын бітірген тұлғалар;
- 16) «Зайсан ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;
- 17) отбасында бір де бір жұмыс істеушісі жоқ адамдар;
- 18) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;
- 19) 50 жастан асқан әйелдер;
2. «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» (Л. Дүйсенова) мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарға жұмысқа орналасуда жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.С. Сапарғалиеваға жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|             |              |
|-------------|--------------|
| Аудан әкімі | А. Оңдаканов |
|-------------|--------------|